

3-СЫНЫПТЫ БИДАЙҒА АРНАЛҒАН ЖЕТКІЗІЛЕТІН ФЬЮЧЕРСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ
0ND0057 – Кілемдер және өзге де тоқыма еден жабындарының ерекшелігі, жеткізу шарты DDP
Усть-Таловка к.

БЕКІТІЛГЕН

«ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ Басқармасының шешімімен
(2019 жылғы 03 қазандағы № 1463 хаттама)

СТАНДАРТТАЛМАҒАН ТАУАРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕКШЕЛІК ҮЛГІСІ

(қосарланған қарсы жасырын аукцион режиміндегі биржалық саудаға арналған)

«0ND0001 – Тұз ерекшелігі, жеткізу шарты DDP Усть-Таловка к.»

1. Терминдер мен анықтамалар

Биржа (ЕСЖ)	«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауар биржасы» акционерлік қоғамы.
Ерекшелік	Осы кілемдер және өзге де тоқыма еден жабындарының ерекшелігі.
Клирингтік орталық	«ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС.
Сауда қағидалары	«ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ-ның сауда қағидалары.
Клиринг қағидалары	«ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС-нің клиринг қағидалары.
ҚҚЖА	Қосарланған қарсы жасырын аукцион.
Тауар	Кілемдер және өзге де тоқыма еден жабындары, сапалық сипаттамалары:
Көрсеткіштің атауы	Сипаттамасы мен нормасы

Осы Ерекшелікте тікелей көрсетілмеген терминдер Сауда қағидаларына, Клиринг қағидаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсініледі.

2. Жалпы ережелер

- 2.1. Тауар коды: 0ND0057 – Тұз, жеткізу шарты DDP Усть-Таловка к.;
- 2.2. Сауда лоты – 1 тонна;
- 2.3. Тауар бағасы қосылған құн салығын қоса алғанда, теңгемен көрсетіледі;
- 2.4. Жеткізу шарты – DDP (Инкотермс 2010).
- 2.5. Тауарды жеткізу мерзімі Ерекшеліктің 3.1-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады;
- 2.6. Биржалық қамтамасыз ету мөлшері – болжамды мәміле сомасының (өтінімнің) 3 % (үш пайызы);
- 2.7. ҚҚЖА режимінде жасалатын Тауармен биржалық мәміле осы Ерекшелікке № 1 қосымша болып табылатын және мәмілеге қатысушыларға ұсынылатын жеткізу шартының үлгі нысанына сәйкес ресімделуге тиіс.

3. Мәміле бойынша тауарды төлеу және жеткізу мерзімдері

3.1. ҚҚЖА мәмілесін орындау тауарды төлеу және жеткізу бойынша мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады:

T+d 16:00-ге дейін	Сатып алушының ақшаны Клирингтік орталықтың банктік шотына аудару мерзімі
T+d+c 16:00-ге дейін	Сатушының тауарды жеткізу мерзімі
T+d+c+3	Сатып алушының тауар үшін төлем жасау мерзімі (Клирингтік орталықтың Сатып алушының ақшасын Тауар сатушысына аударуы)
	мұндағы «Т» – шартқа қол қойылған күн; «d» – «__» жұмыс күні; «с» – «__» жұмыс күні, сандар – күнтізбелік күндердің санын білдіреді.

4. Клирингтік орталық арқылы Тауарды жеткізу және төлеу тәртібі

4.1. Тауарды жеткізу және төлеу Клирингтік орталықтың қатысуымен жүзеге асырылуы мүмкін.

4.2. Осы мақсаттарда Тауар бойынша биржалық мәміле тараптары Клирингтік орталықпен келісілген нысан бойынша және Клиринг қағидаларының ережелері ескеріле отырып, тауар жеткізу шартын жасайды.

5. Ерекшелікке өзгерістер мен толықтырулар енгізу

5.1. Биржа Ерекшелікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

5.2. Ерекшелікке енгізілген өзгерістер мен толықтырулар осындай өзгерістер мен толықтыруларды қамтитын Ерекшелік қолданысқа енгізілген сәттен бастап күшіне енеді.

5.3. Өзгерістер мен толықтырулар қамтылған Ерекшеліктің қолданысқа енгізілуі туралы ақпарат Биржаның сайтында жариялау арқылы, оны қолданысқа енгізуге кемінде 1 (бір) сауда күні қалғанда, саудаға қатысушылардың назарына жеткізіледі.

№ 1 қосымша

Кілемдер және өзге де тоқыма еден жабындарының ерекшелігіне,
жеткізу шарты DDP Усть-Таловка к.

СТАНДАРТТЫ НЫСАН

ШАРТ

Кілемдер және өзге де тоқыма еден жабындарын жеткізу туралы № __ шарт

_____ к. 201__ жылғы «__» _____

Бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын, _____ негізінде уәкілеттік берілген _____
(лауазымы, Т.А.Ә.) тұлғасындағы «_____» брокерлік компаниясы (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік
№ _____, берген орган _____, берілген күні _____), бір тараптан,

және

бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын, _____ негізінде уәкілеттік берілген ____ (Т.А.Ә.),
_____ лауазымындағы «_____» брокерлік компаниясы (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік
№ _____, берген орган _____, берілген күні _____), екінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп атала отырып, мамандандырылған тауарлар
сауда секциясында «ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ-да қосарланған қарсы жасырын аукцион режимінде
өткізілген биржалық сауда барысында жасалған және _____ жылғы № __ мәміле туралы есеппен
расталған № _____ биржалық мәмілені орындау үшін осы Шартты (бұдан әрі – «Шарт»)
төмендегілер туралы жасасты:

1. ОСЫ ШАРТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

Тауар	Кілемдер және өзге де тоқыма еден жабындары (Биржа Басқармасының __. __.2019 жылғы № __ хаттамасымен бекітілген Тауар Ерекшелігіне сәйкес).
ҚТЖ	«Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ.
Инкотермс	Инкотермс 2010. ICC № 715 жарияланым. Ұлттық және халықаралық саудада сауда терминдерін қолдануға арналған ICC қағидалары.
DDP	Инкотермс 2010 сәйкес «жеткізілді, бажы төленген» термині.
Тағайындалу станциясы	Тауар жеткізілетін тағайындалу станциясы (түсіру орны, теміржол түйығының №): _____
Техникалық кем тиеу/артық тиеу	Тауардың ерекшелігіне, жабдықтың техникалық мүмкіндіктеріне байланысты туындаған кем тиеу/артық тиеу.
ҚҚС	Қосылған құн салығы.
ҚР	Қазақстан Республикасы.
Биржа	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Сауда комитетінің 2010 жылғы 01.02. № 1000001 лицензиясы негізінде биржалық сауданы ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауар биржасы» АҚ.

Сауда қағидалары	Осы Шартқа қол қойылған күні қолданыста болатын, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және оның барлық Тараптары орындауға міндетті «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауар биржасы» АҚ-ның сауда қағидалары.
Клиринг қағидалары	Осы Шартқа қол қойылған күні қолданыста болатын, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және оның барлық Тараптары орындауға міндетті «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС-нің клиринг қағидалары.
Агент	Биржамен жасалған шартқа сәйкес Биржаның сауда секцияларында жасалған биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысуды (клирингті) жүзеге асыратын «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС. «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС осы Шарттың тарапы болып табылмайды және Шарт Тараптарының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ол Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ететін тұлға ретінде әрекет етеді және Клиринг қағидаларында белгіленген тәртіппен және талаптарда есеп айырысуға қатысады.
Жеткізуші	« _____ » ЖШС/АҚ (атауы, орналасқан жері, РНН, БСН, банктік деректемелері, телефондары) – Сатушының клиенті.
Жүк жөнелтуші	« _____ » ЖШС/АҚ (атауы, орналасқан жері, РНН, БСН, банктік деректемелері, телефондары) – Сатушының клиенті не ол көрсеткен тұлға.
Төлеуші	« _____ 1» ЖШС/АҚ (атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері) – Сатып алушының клиенті.
Жүк алушы	« _____ 1» ЖШС/АҚ (атауы, орналасқан жері, РНН, БСН, банктік деректемелері, телефондары) – Сатып алушының клиенті не ол көрсеткен тұлға.
Брокерлік қызмет көрсету шарты	Мәтін мәніне қарай – клиенттің тиісті бұйрығына сәйкес Биржаның сауда жүйесінде астықты сатып алу/сату туралы өтінімді беру тәртібін көздейтін, брокер – _____ (Сатып алушы) мен оның клиенті – « _____ 1» ЖШС/АҚ (Төлеуші) арасында жасалған _____ жылғы № _____ брокерлік қызмет көрсету шарты, не клиенттің тиісті бұйрығына сәйкес Биржаның сауда жүйесінде астықты сатып алу/сату туралы өтінімді беру тәртібін көздейтін, брокер – _____ (Сатушы) мен оның клиенті – « _____ » ЖШС/АҚ (Жеткізуші) арасында жасалған _____ жылғы № _____ брокерлік қызмет көрсету шарты.
Биржалық мәміле	Қосарланған қарсы жасырын аукцион режимінде сауда барысында Биржада Сатып алушы мен Сатушы арасында жасалған, _____ жылғы № _____ Биржа мәмілесі туралы есеппен расталған № _____ мәміле және Тараптардың осы Шартты жасасуына негіз болып табылады.
Мәміле туралы есеп	_____ жылғы № _____ Биржа мәмілесі туралы

	есеп.
Тауар Ерекшелігі	Биржа Басқармасының __. __.2019 жылғы № __ хаттамасымен бекітілген, Биржалық мәміле жасалған күні қолданыста болатын, осы Шартқа қол қою кезінде міндетті болып табылатын және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Тауар Ерекшелігі.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Сатушы Жеткізуші және Жүк жөнелтуші арқылы Тауардың жеткізілуін қамтамасыз етуге, ал Сатып алушы Төлеуші арқылы оның төленуін және Жүк алушы арқылы қабылдануын Шартта, Тауар Ерекшелігінде, сондай-ақ Клиринг қағидаларында көзделген тәртіппен және талаптарда қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2.2. Тауар Ерекшелігінің талаптарынан ауытқуға жол берілмейді.

3. ШАРТ СОМАСЫ, ТАУАРДЫҢ САНЫ МЕН САПАСЫ

3.1. Осы Шарт бойынша Тауар бағасы Биржалық мәміле бойынша мәміле туралы есеппен айқындалады және 1 (бір) тонна үшін _____ (_____) теңгені құрайды.

3.2. Осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауар саны Биржалық мәмілеге сәйкес _____ (_____) тоннаны құрайды.

3.3. Тауардың сапасы Тауар Ерекшелігімен айқындалады. Қаптама түрі – _____.

3.4. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) теңгені құрайды (бұдан әрі – Шарт сомасы).

4. ЖЕТКІЗУ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Осы Шарт бойынша Тауарды жеткізу DDP Инкотермс 2010 талаптарында жүзеге асырылады. Инкотермс 2010 мен Шарт (оның барлық қосымшаларын қоса алғанда) арасында қайшылық болған жағдайда, Шарттың ережелері қолданылады.

4.2. Тауарды жеткізу Сатып алушы Агенттің банктік шотына осы Шарттың 6-бөліміне сәйкес 100 % (жүз пайыз) алдын ала төлем жасаған сәттен бастап ____ (_____) жұмыс күнінен кешіктірілмей аяқталуға тиіс. Бұл мерзім Тауар Ерекшелігіне сәйкес мына формуламен айқындалады: мерзім = (T+d+c).

4.3. Жеткізуші өз қалауы бойынша, мұндай мүмкіндігі болған жағдайда және оны Сатып алушымен келіскен кезде, Тауарды неғұрлым қысқа мерзімде тиеп-жөнелте алады.

4.4. Осы Шартта көзделмеген жеткізу талаптары Сауда қағидаларының және Клиринг қағидаларының, Тауар Ерекшелігінің, сондай-ақ ҚР заңнамасының ережелерімен реттеледі.

4.5. Жеткізуші Тауарды оны тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстары және қоймада сақтау кезінде сақталуын қамтамасыз ететін стандартты қаптамада жеткізеді.

4.6. Жеткізуші тауарды Стандарттардың, МЕМСТ-тардың, Техникалық регламенттердің және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының талаптарына сәйкес тиісті түрде таңбалауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қаптамада/заттанбада тауар туралы барлық қажетті ақпарат болмаған жағдайда, Жеткізуші топтық қаптамаға қажетті және жеткілікті мөлшерде тиісті ақпарат бар стикерлерді салуды не Сатып алушы қоймасында стикерлерді дайындау және жапсыру шығындарын өтеуді қамтамасыз етеді.

4.7. Жеткізу күніне қарай Тауардың нақты жарамдылық мерзімі тауар қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімінің кемінде 2/3 бөлігін құрауға тиіс. Жарамдылық мерзімі бұдан аз өнімді жеткізу Сатып алушының жазбаша келісімімен жүзеге асырылады.

5. ТАУАРДЫ САПАСЫ МЕН САНЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ

5.1. Өнімді сапасы мен саны бойынша қабылдау Сатып алушы тарапынан Мемлекеттік арбитраждың 1966 жылғы 25.04. № П-7 қаулысымен бекітілген өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер мен халық тұтынатын тауарларды сапасы бойынша қабылдау тәртібі туралы нұсқаулыққа және Мемлекеттік арбитраждың 1965 жылғы 15.06. № П-6 қаулысымен бекітілген өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер мен халық тұтынатын тауарларды саны бойынша қабылдау тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

6. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

6.1. Тараптар осы Шарт бойынша төлем Агенттің банктік шоты арқылы осы Шартта және Клиринг қағидаларында белгіленген тәртіппен қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізілетініне келіседі.

6.2. Сатып алушы Төлеуші арқылы Шарт сомасын Агенттің банктік шотына 100 % (жүз пайыз) алдын ала төлем ретінде аударуды қамтамасыз етеді:

«ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС
РНН 600900622888, БСН 090840000906,
Ағымдағы шот: KZ606010131000136606
БСК: HSBKZKX, Кбе 17
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

6.3. Осы Шарттың 6.2-тармағында көзделген Агенттің банктік шотына Шарт сомасын аудару Тараптар Биржалық мәміле жасаған күннен бастап ___ (____) күн ішінде Клиринг қағидаларында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Бұл мерзім Тауар Ерекшелігіне сәйкес мына формуламен айқындалады: мерзім = (Т+d).

6.4. Агент жеткізілген Тауар құнының сомасын Сатушының банктік шотына ерекшелікте және Клиринг қағидаларында белгіленген талаптарда, мерзімдерде және тәртіппен аударады.

6.5. Агенттің Тараптардың пайдасына кепілдік қамтамасыз ету сомасын төлеуі не қайтаруы Клиринг қағидаларында белгіленген рәсімге сәйкес жүзеге асырылады.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Шарт Тараптары осы Шартта, сондай-ақ Сауда қағидалары мен Клиринг қағидаларының талаптарында белгіленген міндеттерді орындауға және құқықтарды пайдалануға келісті.

7.2. Сатушы міндетті:

7.2.1. Клиринг қағидаларында көзделген рәсімдерді сақтай отырып, Тауарды осы Шарттың 4.2-тармағында көрсетілген мерзімде жеткізуді қамтамасыз етуге;

7.2.2. Клиринг қағидаларында көзделген рәсімдерді сақтай отырып, Агентке жеткізу құжаттарының көшірмелерін және Сатып алушыға жеткізу құжаттарының түпнұсқаларын осы Шарттың 4.2-тармағында көрсетілген мерзімде беруді қамтамасыз етуге:

- тауар-көлік (теміржол) жүкқұжаты;
- шот-фактура (инвойс);

- сәйкестік сертификатының көшірмесі;
- жеткізушіден жүкқұжат (түпнұсқа).

(Бұл ретте аталған құжаттар Клиринг қағидаларына сәйкес Агент Сатушыдан алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Сатып алушыға жібереді).

7.2.3. Осы Шарттың пәнінде көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келетін Тауарды жөнелтуді қамтамасыз етуге;

7.2.4. Сатып алушының нұсқауларына сәйкес Тауарды тікелей Жүк алушыға жөнелтуді қамтамасыз етуге;

7.2.5. Клиринг қағидаларының, оның ішінде қосарланған қарсы жасырын аукцион режимінде жасалған мәмілелерге қатысты ережелердің өзге де талаптарын уақтылы және тиісінше орындауға.

7.3. Сатып алушы міндетті:

7.3.1. Төлеуші арқылы Тауарға ақы төлеуді осы Шарттың 6.3-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімде қамтамасыз етуге;

7.3.2. сондай-ақ осы Шарттың 6.3-тармағында белгіленген мерзімдерде мәміленің екінші тарабы – Сатушыға және Клирингтік орталыққа тағайындалу станциясынан Тауарды қабылдауға дайын екендігі туралы, мыналарды көрсете отырып, жеделхат жіберуге:

- соңғы тағайындалу станциясы, теміржол коды;
- Жүк алушының атауы мен деректемелерін, Жүк алушының теміржол кодын көрсете отырып растау;
- теміржол жүкқұжатын толтыру жөніндегі нұсқаулық;

7.3.3. Тауарды алған сәттен бастап ____ (____) жұмыс күні ішінде Сатушыға (факс арқылы) Жүк алушының Тауарды қабылдағанын растауды беруге;

7.3.4. Клиринг қағидаларының, оның ішінде қосарланған қарсы жасырын аукцион режимінде жасалған мәмілелерге қатысты ережелердің өзге де талаптарын уақтылы және тиісінше орындауға.

8. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

8.1. Осы Шарт Биржалық мәміле жасалған күннен бастап күшіне енеді.

8.2. Шарттың қолданылу мерзімі оған қол қойылған сәттен бастап Тараптар ондағы міндеттемелерін толық орындағанға дейін не Клиринг қағидаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылғанға дейін белгіленеді.

8.3. Шарт Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін. Егер Шарт Биржада тіркелген болса, Шартты бұзу туралы келісім Биржада тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін ҚР қолданыстағы заңнамасына, осы Шарттың талаптарына, сондай-ақ Сауда қағидалары мен Клиринг қағидаларына сәйкес жауапты болады.

9.2. Мәміле тарапы – Сатып алушы шарт бойынша алдын ала төлемнің толық сомасын уақтылы аудармаған және мәміле тарабы – Сатушыға жеделхат ұсынбаған жағдайда, мәміле тарапы – Сатып алушы мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жосықсыз тарап деп танылады. Агент Клиринг қағидаларында белгіленген мерзімде бұл туралы мәміле тарабы – Сатушыны хабардар етеді

және келесі сауда күнінің аяқталуынан кешіктірмей, зардап шеккен Тарапқа айыппұл ретінде жосықсыз Тараптың кепілдік қамтамасыз ету сомасын аударады. Бұл ретте Тараптардың мәміле бойынша міндеттемелері тоқтатылады, бұл осы Шарттың күшін жоюға негіз болып табылады.

9.3. Осы Шарт бойынша Сатып алушыға Тауар толық жөнелтілмеген (жеткізілмеген) жағдайда, Агент Сатып алушыға Сатушыдан ұсталған кепілдік қамтамасыз етуді жеткізілмеген тауар көлеміне барабар мөлшерде аударады, мәміле қалған бөлігінде тоқтатылады, ал шарттың күші жойылады – жеткізілмеген тауар бөлігі үшін алдын ала төлем сомасын Агент Сатып алушыға қайтарады.

9.4. Сатып алушы осы Шартқа № 1 қосымшада көзделген мөлшерде және негіздер бойынша Жеткізушіге тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

9.5. Сатып алушы Шарт бойынша тұрақсыздық айыбын, залалдарды, шығыстарды немесе өзге де сомаларды Жеткізушінің тиісті талабын алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде төлейді.

9.6. Шарт бойынша Сатып алушы болып табылмайтын Жүк алушының Шарттан туындайтын қатынастар бойынша дербес талаптар қоюға құқығы жоқ. Жүк алушылардың әрекеттері үшін жауапкершілікті Сатып алушы көтереді.

10. ФОРС-МАЖОР

10.1. Тараптар осы Шарт жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш әсерінің немесе Тараптар алдын ала көре алмаған және қолжетімді тәсілдермен болдырмау мүмкін болмаған төтенше мән-жайлардың салдарынан осы Шарттағы міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы орын алған жағдайда, егер мұндай мән-жайлар Тараптардың еркіне байланысты болмаса және Тараптардың бірінің өз міндеттемелерін орындауын мүмкін емес етсе, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай мән-жайларға су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және өзге де табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тасымалдауды жүзеге асыруға кедергі келтіретін мән-жайлар, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тыйым салатын немесе өзге де түрде кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың актілері немесе әрекеттері жатады.

10.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы уәкілетті органның/ұйымның тиісті құжатымен расталуға тиіс. Хабарламада мән-жайлардың сипаты туралы, сондай-ақ мүмкін болған жағдайда олардың Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауына әсерін бағалау және мұндай міндеттемелер орындалуы мүмкін мерзімдер туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

10.3. Форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындай алмайтын Тарап Шарт ережелерінің орындалмауын барынша қысқа мерзімде жою үшін барлық күш-жігерін жұмсауға міндеттенеді.

10.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылған уақыт кезеңіне сәйкес кейінге шегеріледі, ал Шарттың қолданылу мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

10.5. Егер Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 3 (үш) айдан астам уақыт бойы сақталса, Тараптар өзара есеп айырысулар жүргізіп, Шартты бұзуға құқылы.

11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

11.1. Тараптар Шарттан немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді не дауларды тікелей келіссөздер процесінде бейбіт жолмен шешу үшін бар күшін салуға тиіс.

11.2. Шарттан немесе оған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер, оның ішінде оның жарамдылығы, жасалуы, орындалуы, өзгертілуі және бұзылуы туралы мәселелер, бірақ олармен шектелмей, Биржаның тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелігінде түпкілікті реттелуге жатады.

12. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

12.1. Осы Шарт оған қол қою рәсімдерін Сауда қағидалары мен Клиринг қағидаларында белгіленген тәртіппен сақтай отырып, бірдей заңды күші бар үш түпнұсқа данада ресімделеді, бір-бір данадан әрбір Тарапқа және бір дана Биржаға беріледі.

12.2. Шартқа барлық толықтырулар мен өзгерістер қосымша келісімдермен ресімделеді, олар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және егер жазбаша түрде жасалып, екі Тараптың да уәкілетті өкілдері қол қойған болса, жарамды деп есептеледі.

12.3. Осы Шарт талаптарын орындау кезінде Сатып алушы Жеткізушінің жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз міндеттемелері мен құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға беруге құқылы емес.

12.4. Шартта көзделмеген жағдайларда Тараптар ҚР қолданыстағы азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

13. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Сатушы:

« _____ » ЖШС/АҚ

Қазақстан Республикасы, к., көш.

РНН

БСН

ӘАЖК, ЭҚЖЖ

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік сериясы №, берілген күні.

Банктік деректемелер:

Есеп айырысу шоты

БСК

e-mail:

тел/факс:

Басшы:

Сатып алушы:

« _____ » ЖШС/АҚ

Қазақстан Республикасы, к., көш.

РНН

БСН

ӘАЖК, ЭҚЖЖ

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік сериясы №, берілген күні.

Банктік деректемелер:

Есеп айырысу шоты

БСК

e-mail:

тел/факс:

Басшы: